



## Құрметті студент!

2017 жылы «Гуманитарлық ғылымдар - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларының пәндер реті
5B020600	«Дін тану»	1. Діндер тарихы 2. Діни философия 3. Діни антропология 4. Қазіргі әлемдегі дін эволюциясы

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
  1. Діндер тарихы
  2. Діни философия
  3. Діни антропология
  4. Қазіргі әлемдегі дін эволюциясы
2. Тестілеу уақыты – 180 минут.  
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

## Діндер тарихы

1. Конфуцизм идеологиясына ерекше әсер еткен мемлекеттер:

- A) Монголия
- B) Қазақстан
- C) Ресей
- D) Корея
- E) Вьетнам

2. Ежелгі Египет құдайы:

- A) Ахура Мазда
- B) Ра
- C) Посейдон
- D) Зевс
- E) Афродита
- F) Геракл

3. Индуизм дініндегі Құдайлар:

- A) Дьяус
- B) Шива
- C) Притхива
- D) Карма
- E) Брахма

4. «Индуизм» дініндегі ұғымдар:

- A) Ширк
- B) Вишну
- C) Индульгенция
- D) Брахма
- E) Теология
- F) Теизм

5. Далай-Лама:

- A) махаббат мұхиты
- B) даналық
- C) махаббат
- D) мұхит
- E) даналық ілімі
- F) даналық мұхиты

6. Тәңіршілік бойынша әлемнің бөліктері:

- A) Жер асты әлемі
- B) Ғарыш әлемі
- C) Жындар әлемі
- D) Теңіз әлемі
- E) Жан-жануарлар әлемі
- F) Періштелер әлемі

7. Қазақ халқының дүниетанымындағы анимизмнің ертедегі белгілері:

- A) Бата беру
- B) Тұсау кесу
- C) Әруақтардан көмек сұрау
- D) Дем салу
- E) Үлкенді сыйлау
- F) Құран оқу

8. Политеистік культтерге жатады:

- A) Ортағасырлық еуропа культтері
- B) Ерте буддизм культтері
- C) Иудаизм культі
- D) Көне Египет культтері
- E) Ерте исламдық культтер

9. Буддизм бойынша адам өмірінің мәні:

- A) тірі жанға тиіспеу
- B) өзінді тәрбиелеу
- C) азаптың себебі адамның құмарлықтары мен мұқтаждықтары
- D) азапты тоқтату үшін дұрыс өмір сүру керек
- E) өзінді тәрбиелеу жолында азат ету
- F) этикалық нормаларды ұстану
- G) азап- мәңгі

10. Буддизм дініне тән нұсқалар:

- A) Ведалардың беделін мойындайтын ілім
- B) Әлемдік діндердің бірі
- C) Адамдардың барлығы қиямет күні тексеріледі
- D) Касталарға бөлінуді қолдайды
- E) Көпқұдайлық дін

11. Христиандықта қайта қарастырылған иудаизм идеялары:

- A) хилиазм
- B) эсхаталогия
- C) қайта тірілу
- D) трансцендентті
- E) танатология

12. Христиан діні әдебиетінің негізгі жанрлары:

- A) Апостолдардың арнаулы хаттары
- B) Діни қиссалар
- C) Христос шәкірттерінің істері туралы жазбалар
- D) Исаның ата-бабалары
- E) Апостолдар тарихы
- F) Аңыз әңгімелер
- G) Інжілдер (Матфей, Марк, Лука, Иоанн)

13. Христиандықтың исламнан ерекшелігі:

- A) Адам туғанынан күнәхар
- B) Аяттар
- C) Құдай жалғыз
- D) Иса құдай баласы
- E) Киелі рух, бала, әке – үштік идеясына негізделген
- F) Сахабалар салған сара жол

14. Ислам дінінің келуі:

- A) Жаһилия кезінде
- B) Христиан діні әлсіреуі арқылы
- C) Адамдар надандыққа ұшыраған кезде
- D) Аян келу арқылы
- E) Уахи арқылы
- F) Надандық дәуірі өрбу салдарынан
- G) Пайғамбар арқылы

15. Бұрын-соңды мұсылман иелігінде болып көрмеген Осман халифтері басып алған елдер:

- A) Болгария
- B) Фатимия
- C) Италия
- D) Бразилия
- E) Албания
- F) Грекия

16. Құранға сәйкес мұсылмандар сақтауға тиісті шектеулермен тыйымдар:

- A) Адамдардың суретін салу
- B) Өсімдіктердің суретін салу
- C) Құмар ойындардан бас тарту
- D) Поэзиядан бас тарту
- E) Тағамға сүтті пайдалану
- F) Музыкалық аспаптардан бас тарту
- G) Тағамға шошқа етін қолдану

17. Харизматикалық топтарда жоқ:

- A) Бірізділік
- B) Достық қарым-қатынас
- C) Көп сенушілер саны
- D) Жабьқтық
- E) Діннің жүйелі сапасы
- F) Институтталғандық
- G) Ұйымдық құрылым

18. Қазіргі кезде фетишизмнің сақталуы:

- A) Қорғау қасиеті бар амулеттер
- B) Субъективті сипаттағы ғылыми білімдер
- C) Пергаментте жазылған жазба мәтіндер
- D) Табиғаттан тыс күштерге ие заттар
- E) Әмбебап мағынадағы астрологиялық жорамалдар
- F) Химиялық реакциялардың экспериментальды нәтижелері
- G) Объективті сипаттағы ғылыми білімдер

19. XVIII ғасырда пайда болған ваххабизм ілімінің ерекшеліктері:

- A) Мұхаммед пайғамбар заманын аңсау
- B) Исламдағы жаңашылдыққа сабырмен қарау
- C) Нағыз Ислам Мұхаммед пайғамбардың ізін жалғастырушылардың алғашқы үш ұрпағымен ғана қолданылғанын бекіту
- D) Бір құдайлық (таухид) ұстанымын қатаң ұстау
- E) Құранда жазылған сөздерді ақиқат деп танымау

20. Діни ұйымдардың ең маңызды мақсаты:

- A) жамағатты қалыптастыру
- B) неофиттердің бойында саяси көзқарас қалыптастыру
- C) мүшелерінде белгілі бір мақсатты қалыптастыру
- D) ағымдағы тәртіпті сынау
- E) ашық ғибадат рәсімін өткізу
- F) сенушілердің бойында белгілі бір құндылықтарды, идеалды қалыптастыру
- G) зайырлылықты жоққа шығару

21. Діннің пайда болуын психологиялық тұжырымдар бойынша түсіндірген ойшылдар:

- A) Р. Декарт
- B) З. Фрейд
- C) М. Вебер
- D) У.Джеймс
- E) С.Холл

22. Діни сенім діни сананың фундаментальды негізі болып табылуының себебі:

- A) Сенімсіз рухқа құтылу жоқ
- B) Сенімсіз, тылсым күшсіз дін де болмайды
- C) Сенімсіз де дін бола береді
- D) Себебі сенімсіз дін жоқ
- E) Сенімсіз әлемнің құтқарылуы жоқ
- F) Сенімсіз адам өмір сүрмейді

23. Митраизмнің ежелгі қазақ даласына кең таралуының себебі:

- A) Жыныстық құмарлықтан аулақ тұруды насихаттады
- B) Белсенді өмірді насихаттады
- C) Ғибадатпен шұғылдануды бұйырды
- D) Енжарлыққа қарсы болды
- E) Зұлымдыққа қарсы тұрмау идеясын сынады

24. Бірігу Шіркеуінің Қазақстандағы миссионерлік қызметінің басты мақсаты:

- A) Достық қарым қатынасты орнату
- B) Оқшау, аскеттік өмірді насихаттау
- C) Патриотизмді насихаттау
- D) Ұлттық құндылықтарды дәріптеу
- E) Бүкіл христиандарды бір қауымға біріктіру
- F) Сом мен Мун еңбектерін тарату

25. Қазақстандағы Саентология шіркеуінің миссионерлік қызметінің негізгі бағыты:

- A) Психотропты дәрілерді қолдану арқылы емдеумен айналысу
- B) Отансүйгіштікті дәріптеу
- C) Аскеттік өмірді насихаттау
- D) Хаббард ілімін бизнес көзіне айналдыру
- E) Дәстүрлі діндердің құндылықтарын қабылдауға шақыру
- F) Нирванаға жеткізу жолын ұсыну
- G) Өзге діндермен бейбіт қатар өмір сүруді үйрету

**Діндер тарихы  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



## Діни философия

1. Діни дүниетаным:

- A) Діни Таным
- B) Құндылықтар Мен Мұраттар Жүйесі
- C) Діни Тәжірибе
- D) Идеология
- E) Философия
- F) Діни Сенімге Негізделген Көзқарас

2. Араб философиясында білімнің шынайылыққа сәйкес келуін куәландыратын терминдер:

- A) *си* «дұрыстық»
- B) *хакика* «түп негізі»
- C) *таманнин* «үміт»
- D) *та'аджжуб* «таң қалу»
- E) «өтініш» (*мас'ала*)
- F) *истифхам* «бұйрық ету және тыйым салу»
- G) *ал-'асаф* «өкініш»

3. Даосизмнің негізгі принципі:

- A) аскетизм
- B) әрекет етпеу
- C) өзін-өзі тәрбиелеу
- D) нақтылық
- E) ләззат
- F) жаза
- G) жол
- H) дұға ету

4. Буддизмдегі заң:

- A) дхарма
- B) сансара
- C) дсати
- D) ци
- E) адвайта

5. Орта ғасырдағы полемика байланыстыралады:

- A) тәжірибешілермен және теоретиктермен
- B) сенсуалистермен және рационалистермен
- C) рационалистермен және эмпириктермен
- D) жалқылық және жалпылық мәселесімен
- E) патристика және схоластикамен

6. А.Августиннің еңбегі:

- A) «Заттардың ажалсыздығы туралы»
- B) «Хақ дін туралы»
- C) «Тәубе»
- D) «Күн қаласы»
- E) «Заттардың табиғаты туралы»
- F) «Құдайы қаласы»
- G) «Қазақ шежіресі»

7. «Білімсіз сенім, сенімсіз білім болуы мүмкін емес» деген ойдың гармониясын негіздеген:

- A) Прокл
- B) Эпикур
- C) Климент Александрийский
- D) Пифагор
- E) Ф.Аквинский

8. Протестанттық діни бағытқа қатысы жоқ:

- A) цвинглиандық
- B) лютерандық
- C) ариандық
- D) униатстылық
- E) хасидизм
- F) англикандық

9. Неміс Реформация өкілі:

- A) Эразм Роттердамский
- B) Жан Кальвин
- C) Гуго Гроций
- D) Н.Кузанский
- E) Томас Мюнцер
- F) Мартин Лютер
- G) Игнатий Лойоло

10. Сопылық тариқаттарда діни танымының басты негіздері:

- A) ғадауат
- B) хақиқат
- C) шарифат
- D) далалат
- E) сахауат

11. Әзіреті Сұлтанның «пірлері»:

- A) Бахауддин Исфиджаби
- B) Абу Хамид аль-Газали
- C) Аль-Кинди
- D) Ал Фараби
- E) Арыстан Бап
- F) Ахмет ибн Ханбал
- G) Ысқақ баба

12. Ибн 'Араби еңбегі:

- A) «Суфилтік даналық»
- B) «Діни ғылымдарды жандандыру»
- C) «Сенім жайлы ғылымдарды жандандыру»
- D) «Меккелік ашылу»
- E) «Философтарды жоққа шығару»
- F) «Даналық геммасы»
- G) «Құдайды іздеушіге өсиет»

13. Суфистік гносеологиясы бойынша «Ақиқатқа жету» жолдары:

- A) абыржу
- B) болмыстық біртұтастығы
- C) хақиқат
- D) торикат
- E) шариат

14. Батыс философиясына жатады:

- A) Белинский В.Г
- B) Чичерин Б.Н
- C) Григорьев А.А
- D) Кавелин К.Д
- E) Достоевский Ф.М
- F) Чернышевский Н.Г
- G) Герцен А.И

15. Құдайлар туралы Ежелгі гректерде пайда болған ілім:

- A) Адамның құдаймен бірігуі туралы ілім
- B) Құдайлардың түпнегіздері туралы ілім
- C) Діннің пайда болуы туралы ілім
- D) Құдай ұғымының этимологиясы туралы ілім
- E) Пантеизм
- F) Атеизм

16. Шәкәрім ілімінің мәні:

- A) Жүрек
- B) Намыс-ұят
- C) Калб
- D) Құдай
- E) Ар
- F) Сана

17. Шәкәрімнің діни философиясының ұстанымы:

- A) Жарым
- B) О. Контқа сауал
- C) Ислам шарттары
- D) Білімділерге бес сауал
- E) Құдай
- F) Үш анық

18. Батыстағы неопозитивистер:

- A) Э. Фромм
- B) П. Куртц
- C) Р. Карнап
- D) Б. Рассел
- E) Л. Витгенштейн

19. Діннің ерте формаларына жатады:

- A) Анимизм
- B) Даосизм
- C) Фетишизм
- D) Синтоизм
- E) Буддизм
- F) Полидемонизм

20. Иммануил Канттың «Жалпы бірдей жаратылыстану тарихы және аспан теориясы» деген еңбегінде қарастырылған мәселе:
- A) Күн жүйесінің табиғи жолмен пайда болу
  - B) Жаратылыстану ғылым теориясының саласындағы жаңа гипотеза
  - C) Материяның бірлігі, қозғалысы және оның заңдары туралы
  - D) Көрініс табуының салдары
  - E) Тірі жандарға кесір тигізбеу
21. Триада сенімінің мәні:
- A) Кришна құдайына сенім
  - B) Брахманға сенім
  - C) Құдай бала
  - D) Қасиетті рух
  - E) Құдай Әке
  - F) Политеизм
  - G) Заратуштраға сенім
  - H) Монотеизм
22. Агни Йоганың жақтаушылары Тірі Этика мәтіндерін деп санайды:
- A) Адамның биопсихикалық өрісін тазартады
  - B) Тіл спецификасынан бөлінбейді
  - C) Тылсым, мистикалық қуатпен толтырылған
  - D) Сананы тазартады
  - E) Протореалистикалық
  - F) Тіл спецификасына байланыссыз
  - G) Құдай қуатымен толтырылған
23. Діни философияға үлкен әсерін тигізген, ерте заманнан келе жатқан ірі ағым:
- A) Апокалиптика
  - B) Стоицизм
  - C) Схоластика
  - D) Гностицизм
  - E) Метафизика
  - F) Онтология
  - G) Гносеология
  - H) Аристотель енгізген "бірінші философия"

24. Зайырлы мемлекет:

- A) Екі дінді ресми дін деп мойындаған мемлекет
- B) Дін мемлекеттік идеологияға ықпал ете алмайды
- C) Мемлекеттік идеологияға ықпал етеді
- D) Діни саяси партия құру мүмкіндігі бар мемлекет
- E) Діни мекемелердің мемлекеттен бөлектігін білдіреді
- F) Діни мекемелер мемлекет басқаруында
- G) Тек бір дінді ресми түрде қабылдаған мемлекет

25. Психоанализ өкілдері:

- A) А.Камю
- B) Б.Спиноза
- C) К.Г.Юнг
- D) М.Вебер
- E) К.Маркс
- F) Зиммель

**Діни философия  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Діни антропология

1. Антропологиядағы эволюционистік бағыт өкілдері:

- A) Э. Гуссерль
- B) О. Шпенглер
- C) Дж. Мак-Леннан
- D) Э. Тайлор
- E) С. Кьеркегор

2. Қазіргі антропологияның негізгі методологиялық мәселелері:

- A) Адамның ерекшелігі. Адамның Құдаймен қарым-қатынасы
- B) «Адамның табиғаттағы бір бүтін, ерекше тіршілік иесі» ретінде анықталуы
- C) Адамның құдайлық болмысы
- D) Антропологиялық пәндерді топтамалау
- E) Адам болмысының «базистік жүйесі»
- F) «Адам - табиғат» қатынасы

3. Атеизмнің түрлері:

- A) Ішінара
- B) Тарихи
- C) Әлеуметтік
- D) Саяси
- E) Теориялық

4. Индуизм дінінде адамның рухани дамуының сатылары:

- A) Санньяса – өмірдің соңғы сатысы, материалдық өмірден толық бас тарту
- B) Дао – дао жолын таңдар, онымен бірігу
- C) Ахимса – тірі табиғат бөлшектеріне зиян келтірмеу
- D) Брахмачарья – монах ретінде өмірдің бірінші кезеңі, гуруға қызмет ету арқылы рухани білімге ие болады
- E) Грихастха – отбасылық өмір, жұмыс: ата-аналарын, балаларын қолдау

5. Будданың титулдары:

- A) Жетілген (мінсіз)
- B) Діни абыз
- C) Пайғамбар
- D) Адибудда
- E) Нұрланған
- F) Жаратушы
- G) Арнаулы адам

6. Христиандықта адам табиғатының түсініктемесі:

- A) Иисус Христоста жаңартылған адам
- B) Құдіретті бейненің адами қырлары
- C) Құдайға сенуші
- D) Азғын адам (оның қазіргі күйі)
- E) "Жаңа Адам"
- F) Жасанды адам
- G) Адам Ата және Хауа Ананың күнәсіна дейінгі қасиеттері бар адам

7. Христиандық теологиядағы негізгі мәселелер:

- A) Адамның жоғары абыройын мойындау
- B) Діннің негізгі өнегелік заңдарын шығару
- C) Адам және қоғамға нақты өнегелі көзқарасты жүзеге асыру
- D) Адамда құдіретті бейненің қырларын іздеу
- E) Әлемнің ғылыми бағытын табу

8. Протестанттық ілімнің бағыттары:

- A) Теизм
- B) Пантеизм
- C) Адвентизм
- D) Деизм
- E) Атеизм
- F) Кальвинизм
- G) Монотеизм

9. Экзистенциализмді діни тұрғыдан қарастырған ғалымдар:

- A) Хайдеггер
- B) Сартр
- C) Бердяев
- D) Бубер
- E) Маркс
- F) Камю



10. Православие мен католицизмдегі Қасиетті Рухтың символдық бейнесі:

- A) Жұлдыз
- B) Ұшып келе жатқан көгершін
- C) Балық
- D) Айқыш
- E) Жүрек
- F) Раушан гүлі

11. Протестантизмдегі діни бірлестіктердің негізгі мақсаты:

- A) Қалыптасқан әлемдік жүйені сынау
- B) Қауымдастықтарды қалыптастыру
- C) Ашық құлшылықтарды іске асыру
- D) Олардың белгілі бір мақсатын қалыптастыру
- E) Мүшелеріне нормативтік әсер ету
- F) Діни негізде білім беру
- G) Құдаймен қарым-қатынасқа түсіруге мәжбірлеуші

12. Нәби ислам діні бойынша:

- A) Дінді жаңартушы
- B) Жаңа заңды хабардар етуші пайғамбар
- C) Пайғамбар, осы дінді ұстануға шақырушы
- D) Жаңа дінді таратушы
- E) Алланың елшісі

13. Ислам бойынша адам жанының мәңгілігі түсіндіріледі:

- A) адамда бір жан бар, оны Құдай берген, ол әділдікке, мейірімділікке ұмтылады және мәңгі өмір сүруге жетелейді
- B) адам жаны, әлемдік жанның бөлшегі сондықтан ол мәңгілік
- C) адамда бір жан бар, оны Құдай берген, ол мейірімді істермен жетелейді
- D) адам тәні бір тәннен екінші тәнге ауысады
- E) адамда екі жан бар- бұ дүниелік және о дүниелік, бұ дүниелік жан – адам тәнін басқарып, күнәға апарады, ал о дүниелік - адамға рух беріп, Құдайға жетелейді
- F) адам тәні күнәнің тұрағы, ол зұлымдыққа жетелейді

14. Сопылық ілімінің басты ерекшелігі:

- A) Гедонизм
- B) Фетишизм
- C) Скептицизм
- D) Аскетизм
- E) Мистицизм
- F) Алланың әміріне қарсы келу
- G) Алланы шекіз сүю

15. Жалпы сопылық дегеніміз:

- A) Араб тілінен «Жүннен тоқылған шекпен» деген мағынада
- B) Алланың әміріне қарсы келу
- C) Араб тілінен «Заттарға сену» деген мағынада
- D) Араб тілінен «Азаттық» деген мағынада
- E) Тағдырға мойынсұнбау деген мағынада
- F) Араб тілінен «Тазалық» деген мағынада

16. Сопылықтағы «Инсан камиль» (Кемел адам) дәрежесінде адамның болмысы Алламен біріге алатының айтқан «вахадат уаль вуджуд» ілімінің өкілдері:

- A) Абу Ханифа
- B) ал-Халладж
- C) Имам Раббани
- D) Ибн Таймия
- E) Хасан ал-Басри
- F) Ахмад Ханбаль

17. «Адам құдайды тануға махаббат, рухани тазалық арқылы жетеді» деген ортағасырлық мұсылмандық гуманизм формасы:

- A) Шиизм
- B) Суфизм
- C) Йассавийа тарикаты
- D) Исмаилизм
- E) Қадариттік таным
- F) Суннизм
- G) Шабариттік таным
- H) Ибн Арабидің «вахадат ул-вуджуд» ілімі

18. Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегіндегі болмыстың көрінісі туралы ойлары:

- A) Адам табиғи үндестікті бұзбай, керісінше аспанмен бірігуге барынша ұмтылуы қажет
- B) Саналы адам - айуан, оның тойынуы бәрінен де қиын
- C) Адам жаны құдайылық, қасиеттілік әлеміне қаратылған терезе
- D) Бес сезім мүшелері (көз, құлақ, мұрын, тіл, тері) қабылдайтын болмыстың заттық көрінісі
- E) Болмыстың көзге (эзотерикалық) көрінбейтін бөлігі
- F) Адам құдаймен байланысын жоғалтып, қараңғылыққа тап болды. Және оған Құдайды іздеу үшін көптеген ғасырлар керек болды
- G) Екі өмірге де Ғазиз жан (Алла адамның жүрегінде) ерекшелігі адамның жанымен, рухымен, бүкіл әлемдік әділеттілік қарымта заңымен байланысты
- H) Алғашқы күнәһарлықтан соң адам тәні денеге айналды

19. Абай бойынша жастар бойына дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер:

- A) еңбек сүйгіштік пен жарқын өмірге ұмтылушылық
- B) тәкәппарлық
- C) тән құмарлық
- D) туған елге деген сүйіспеншілік пен ерлік
- E) жалқаулық пен енжарлық
- F) табандылық пен адалдық
- G) сұмдық пен сараңдық
- H) ойын - сауық

20. Католиктік антропология шеңберіндегі қазіргі заманның дәстүрлі емес антропологиялық идеялары:

- A) Кальвинизм
- B) Азаттану теологиясы
- C) Деизм
- D) Фидеизм
- E) Адвентизм

21. Тейяр де Шарденнің пантеистік эволюционизмімен өз ілімдерін байланыстырған ойшылдар:

- A) К. Маркс
- B) К. Морган
- C) Ж. Кальвин
- D) А. Тойнби
- E) Ф. Энгельс
- F) А. Бергсон
- G) С. Александер

22. Э.Дюркгеймнің дін қоғам мүшелерінің арасында жүзеге асатын нормалар, құндылықтар мен сенімдер жүйесі ретінде қарастырылған еңбектері:

- A) Өзі - өзіне қол жұмсау. Социологиялық этюд
- B) Алтын бұтақ
- C) Психоанализ.Дін.Мәдениет
- D) Діни өмірдің қарапайым формалары
- E) Құндылық және шынайы пікірлер

23. Қазіргі заманғы неохристиандық діни бірлестіктерге жатады:

- A) «Бахаи ілімі»
- B) «Жетінші күн адвентистері»
- C) «Монофизиттер»
- D) «Салафиттер»
- E) «Алавиттер»
- F) «Свидетели Иеговы»

24. Адамның өмірі мен өлімі мәселесін тануға ұмтылған Германиядағы экзистенциализм өкілдері:

- A) К. Юнг
- B) К. Ясперс
- C) Л. Борос
- D) М. Хайдеггер
- E) Гегель
- F) М. Бубер

25. Адам мәселесіне назар аударған француздың персонализм өкілдері:

- A) К. Юнг
- B) Э. Мунье
- C) Гегель
- D) К. Маркс
- E) Ж. Лакруа
- F) М. Недонсель

**Діни антропология  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Қазіргі әлемдегі дін эволюциясы

1. Дін:

- A) Сенушілердің әлеуметтік бірлігі
- B) Әлеуметтік казус
- C) Жанұядағы әлеуметтік қарым-қатынас
- D) Қоғамдық сананың көрінісі
- E) Тарихи көзқарастар типі
- F) Тұлғаның әлеуметтік қажеттілігі
- G) Әлеуметтік шынайылық

2. Діни әлеуметтік талдаулардың жақтаушылары:

- A) Л. Фейербах
- B) О. Конт
- C) Р. Декарт
- D) Э. Дюркгейм
- E) М. Вебер
- F) Д. Локк
- G) А. Эйнштейн
- H) М. Мюллер

3. У.Джеймс бойынша тұлғаның діни сенуінің туындауы:

- A) Азаматтық позициядан
- B) Әлеуметтік жағдайдың нақты болмысынан
- C) Билік қатынасынан
- D) Туылған жеріне байланысты
- E) Тәрбие ерекшелігінен
- F) Саяси жүйеден
- G) Бағыныштылықтан

4. Маркстік концепция бойынша діни өзгерістің түбірі:

- A) Теоретикалық
- B) Психологиялық
- C) Ғылыми
- D) Экономикалық
- E) Гносеологиялық

5. Харизматикалық топтардың құрылуының негізі:

- A) Мойын ұсыну
- B) Ереже
- C) Топтың таңдаулы екеніне сену
- D) Салт-дәстүр
- E) Лидермен жеке байланыста болу
- F) Ортақ идея
- G) Мүшелікке тіркеу

6. Харизматикалық топтарда жоқ сипат:

- A) Достық көңіл-күй
- B) Институционализациясы
- C) Ұстанушылар санының көптігі
- D) Артынан ерушілер
- E) Жабық болуы

7. Діни бірлестіктердің ең алғашқы формасы:

- A) Бір ілімнің сенушілері
- B) Діни партия
- C) Деноминация
- D) Діни ассоциация
- E) Секта
- F) Шіркеу әкейлері

8. Ислам дініндегі иман негіздері:

- A) Алланы мойындамау
- B) Пайғамбарларға иман келтіру
- C) Жақсылық пен жамандықты жоққа шығару
- D) Тағдырға сену
- E) Алланың бір екендігін мойындау

9. Ғылыми пікірмен салыстырғанда діни сенімге қажет емес нәрсе:

- A) Тексеру және растау
- B) Айыптау
- C) Дәлелдеу
- D) Тәжірибе
- E) Бақылау
- F) Негіздеу
- G) Бағалау

10. Діни ұйым ретіндегі шіркеудің маңызды мәселелері:

- A) Діндарларды әлеуметтік жұмылдыру
- B) Бір кездері қалыптасқан қатынастарды канондауға ұмтылу
- C) Діни ілімді жүйелеу
- D) Өзгерістерден бас тарту
- E) Діни ілімді негіздеу және қорғау
- F) Әлемді қабылдамау
- G) Басқа құдайларды мазақ ету

11. Алғашқы қауымдық анимистік түсініктердің модификациялары бойынша сенетін нәрсе:

- A) Өлмейтін күштер
- B) Рухтар
- C) Піл
- D) Сиыр
- E) Шебер жасалған мүсіндер

12. Шіркеуге деген көзқарасты қалыптастырады:

- A) Қоғам
- B) Дәстүр
- C) Мектеп
- D) Мәдениет
- E) Үгіттеу
- F) Тәрбие

13. «Церковь объединения» неохристиандық ұйымының негізгі атаулары:

- A) Далай Лама
- B) Абхай Ширан Де
- C) Ұлы Рух Бірлігі
- D) Даянанда
- E) Кришна Санасы Қоғамы
- F) Махавира

14. Діни ұйымдардың түрлері:

- A) Деноминация
- B) Конференция
- C) Партия
- D) Саяси топтар
- E) Шіркеу
- F) Секта

15. Ар-ождан бостандығы:

- A) Дінді жоққа шығару
- B) Мемлекеттің адамның таңдау мүмкіндігін шектемеуі
- C) Адамның бостандығын шектеу
- D) Адамдардың тек заң шеңберінде іс-әрекет жасауы
- E) Мемлекеттің жеке адам ісіне араласпауы
- F) Дінді таңдауға жол бермеу
- G) Мемлекеттің адам таңдауына араласуы

16. Иегова куәгерлерінің негізгі ұстанымы:

- A) Көп әйел алушылық - міндет
- B) Суық суға шомылу
- C) Мемлекеттік мерекелерге қарсы
- D) Әскери қызметке қарсы
- E) Қан құюға қарсы
- F) Үйленуге қарсы

17. Ар-ождан бостандығы:

- A) Жеке бостандық пен барлық діндердің теңдігін жариялайтын қағида
- B) Дінді ұстану және ұстанбаудың заңдық бекітілген қағидаты
- C) Жеке іс-әрекет пен оның салдарының жиынтығы
- D) Діни дүниетанымнан бас тарту
- E) Тәуба құпиясы
- F) Діндар адамның моральдық сапасы

18. Діни моральдың құндылықтары:

- A) Ғарыш
- B) Қоғам
- C) Мойынсұну
- D) Сенім
- E) Табиғат
- F) Планета
- G) Техника

19. Діннің негізгі әлеуметтік қызметі:

- A) Реттеуші
- B) Шығармашылық
- C) Легитимділік
- D) Рәміздік
- E) Жобалау



20. Физикалық, астральдік және ментальдік әлем түсінігіне тән ілім:
- A) Фен Шуй
  - B) Жұлдызнама
  - C) Агни Йога
  - D) Йога
  - E) Грек тілінен «Құдайшыл даналық» деп аударылады
  - F) Интегралдық Йога
21. Интегральды Йога:
- A) Йога методикасы арқылы құдайдың адамға айналуын қамтамасыз ететін синтезделген ілім
  - B) Антропософия
  - C) Бұл ілімде Шри Ауробиндо түрлі йогалық тәжірибелерді синтездеген
  - D) Р. Бульман негізін салған бағыт
  - E) Дзэнбуддизм туралы түсінік береді
  - F) Буддизмді саяси мақсатқа қолдануға тырысады
22. Христиан дінінің 12 қағидасы мен 7 құпиясы қабылданған кезең:
- A) 345 ж
  - B) IV ғасырда
  - C) 351 ж Киевте
  - D) 325 ж Никей соборында
  - E) VI ғасырда
  - F) 465 ж Рим соборында
  - G) 381 ж Константинополь соборында
  - H) 511 ж Никей соборында
23. Діни философияның пән ретінде бөлінуіне әсер еткен ғалымдар:
- A) Әл Кинди
  - B) Аристотель
  - C) И. Кант
  - D) Әл Фараби
  - E) Платон
  - F) Д. Юм
  - G) Ибн Сина
  - H) Г.В.Ф. Гегель
24. Діннің қоғамда атқаратын негізгі қызметі:
- A) Компенсаторлық
  - B) Саясатқа әсер етеді
  - C) Мәдениет тасымалдаушы
  - D) Салыстырмалы
  - E) Коммуникативті

25. XIX – XX ғғ индуизмді реформациялауға алғашқы талпыныс жасағандар:

- A) Намдев
- B) Фарид уд Дин Ганджишикар
- C) Рамакришна Парамахамса
- D) Рам Мохан Рой
- E) Даянанда Сарасвати

**Қазіргі әлемдегі дін эволюциясы  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**